

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 наурыздағы N 241 Заңы

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" 2006 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., N 12, 78-құжат; N 19-20, 119-құжат):

1) кіріспеде "мен әкімшілік құқық бұзушылықтар" деген сөздер "әкімшілік құқық бұзушылықтар мен тәртіптік теріс қылықтар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 ) 4 - б а п т а :

1-тармақтағы "сәуірде" деген сөз "тамызда" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "шілдеге" деген сөз "қарашаға" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 7-баптың 7-тармағының екінші бөлігінде және 11-баптың 5-тармағының екінші б ө л і г і н д е :

"13 және 14" деген сөздер "13, 14 және 14-1" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және әкімшілік құқық бұзушылықтарды" деген сөздер "әкімшілік құқық бұзушылықтарды және тәртіптік теріс қылықтарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 14-бап "357-2" деген цифрлардан кейін ", 532" деген цифрлармен толықтырылсын;

5) мынадай мазмұндағы 14-1-баппен толықтырылсын:

"14-1-бап. Мемлекеттік лауазым атқаратын, мүлкін жария еткен адамдарды тәртіптік жауаптылықтан босату

Мемлекеттік лауазым атқаратын, мүлкін жария еткен адамдар "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 5-тармағында аталған әрекеттерді жасағаны үшін тәртіптік жауаптылықтан босатылады." ;

6) 16-баптағы "және 2007 жылғы 1 шілдеде өзінің қолданылуын тоқтатады" деген сөздер алып тасталсын.

2. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан

Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., N 12, 79-құжат; N 19-20, 119-құжат):  
2-баптағы "және 2007 жылғы 1 шілдеде өзінің қолданылуын тоқтатады" деген  
сөздер алып тасталсын.

**2-бап.** Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК